

2011 жылға арналған бір жолғы талондар құнын белгілеу туралы

Қушiн жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 229 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы аудандық әділет басқармасында 2011 жылы 25 қаңтарда N 10-5-155 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 01 наурыздағы N 41 хаты)

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2012.03.01 N 41 хаты)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және Қазақстан Республикасындағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 100 Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылға арналған бір жолғы талондар құны N 1, N 2 қосымшаларда көрсетілген мөлшерде белгіленсін.

2. Қармақшы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 30 наурыздағы "2010 жылға арналған бір жолғы талондар құнын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылдың 4 мамырында N 10-5-133 болып тіркелген, "Қармақшы таңы" газетінің 2010 жылғы 19 мамырдағы N 44-45 санды шығарылымында жарияланған) N 170 санды шешімінің күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
кезекті 34-сессия төрағасы А. Үсенов
Аудандық мәслихат хатшысы М. Ерманов

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы
"22" желтоқсандағы кезекті
34-сессиясының N 229 шешіміне

N 1 қосымша

Базарларда тауарларын /мүлкін/ өткізетін, сататын бір жолғы талон негізінде айналысатын жеке тұлғалардың бір күнгі сатушылық қызметінің талон құны

Р/с	Базардың саудашылық қызмет түрі	3-санат	Бір жолғы талон құны тенге
1	Азық-түлік саудасы		
	- жүк автокөліктен сату		500
	- жеңіл автокөліктен сату		300
	- сөреден сату		100
	- қолдан сату		50
2	Өндірістік / киім / канцелярлық, шаруашылық тауарлар саудасы		
	- сөреден сату		120
	- қолдан сату		60
3	Кілем, палас бұйымдарын сату		120
4	Балмұздақ сату		120
5	Кәуап		200
6	Сусындар сату		50
7	Нан-кондитер өнімдерін сату		50
8	Күнбағыс дақылдары, темекі өнімдері		20
9	Ет, ет өнімдерін сөреден сату		200
10	Сүт, сүт өнімдерін сату		50
11	Көкөніс өнімдерін / салат / сату		100
12	Етік, сағат жөндеу қызметі		60
13	Ірі қара малын сату / 1 бас /		200
14	Уақ малы / 1 бас /		80
15	Жем-шөпті,табиғи отындарды /жыңғыл/ жүк машиналарынан сату		500
16	Күріш, бидай ұн өнімдерін сату		120
17	Аудио-бейне кассета сату, жалға /прокат/ беру		80
18	Көкөніс – жемістер сату		80
19	Арбамен отын сату		50
20	Қолдан жасалған үй жиһаздарын сату		70

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы
 "22" желтоқсандағы кезекті
 34-сессиясының N 229 шешіміне

N 2 қосымша

Қармақшы ауданы бойынша жеке тұлғалардың бір жолғы талон құны

/ теңге /

Р/с	Бір жолғы талон негізінде кәсіпкерліктің тізбесі	3-санат	құны
	Сату /тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы/		
1	Газеттер мен журналдар		80
2	Тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары /екпелер, көшет/		80
3	Бақша дақылдары		50
4	Саяжай және үй жанында өсірілген табиғи гүлдер		200
5	Үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдері		50
6	Жануарлар мен құстарға арналған дайын жемшөп		80
7	Сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидектерін, бал, саңырауқұлақтар және балық.		40
8	Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері		200
9	Үй жануарлары мен құстарды бағу		60

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК